

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Дені саудың -жаны сау

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.02.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/68695/>

Тараз қаласы

№36 «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының логопеді

Мустафина Арна Хабитқызы

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту

Өтпелі тақырып: «Дені саудың, жаны сау»

Апталық тақырып: Дене мүшелері және «С» дыбысы

Мақсаты: Дене мүшелері туралы жалпы түсінік беру. Ажырата білуге үйрету. «С» дыбысын дұрыс айтуын қалыптастыру. Фонематикалық есту қабілетін дамыту. «С» дыбысы бойынша түсінігін кеңейту. Баланың сөйлеу тілін және ұсақ моторикасын дамыту. Ойындар арқылы жалпы таным қабілетін (ойлау, есте сақтау, зейін, қабылдау) дамыту.

Сөздік жұмыс: ауыз, мұрын, құлақ, саусақ, тіл.

Полилингвальды компонент: Көз - глаза - eyes. Тіл - язык — tongue. Саусақ - пальчик - finger. Мұрын - нос - nose. Ауыз - рот - mouth. Бала - мальчик - boy.

Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық? Неге артық?», «Мен бастайын, сен аяқта».

Денсаулық технологиясы «Он саусақ» сергіту сәті

Заттық дамыту ортасы: интерактивті тақта, үлестірмелі материалдар, айна, жапырақ.

Іс - әрекет кезеңдері Логопедтің іс — әрекеті Балалардың әрекеті

Дәлелді түрткі болатын

Ұйымдастыру-іздістіруші

Рефлексивті- түзетушілік

Балалар бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс - әрекетіне қонақтар келіпті.

-Қанекей, жылы жүзбен

күліп қонақтарымызбен сәлемдесейік.

Көк аспанда күн күлсін

Бірге күлсін бүлдіршін

Ұл қолында ту жүрсін

Қыз қолында гүл жүрсін

Бірге күлсін бүлдіршін

Жарайсындар балалар олай болса орнымызға отырып оқу-қызметімізді бастайық.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?

Жарайсындар балалар. Бүгінгі оқу –қызметіміздің тақырыбы дене мүшелері мен «С»дыбысы.

Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырамын сендер жұмбақтың шешуін табындар:

Жұмбақ:Таудан не күшті?

Шешуі:адам.

Дұрыс балалар жұмбақтың жауабы адам.

Балалар адам – әлеуметтік қатынастармен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінің кім екенін түсінетін есі кірген ересек кісі. Адам балалар қоғамнан тыс өмір сүре алмайды...

1-ші тапсырма:

Балалар мен сендерге тағыда жұмбақ жасырғым келіп отыр. Жұмбақтың шешуін тапқыларың келе ме?

Жұмбақ:

Кішкене ғана тостаған

Жер дүниені бастаған.

Шешуі: көз.

Жарайсындар балалар дұрыс таптындар көз. Балалар көз бізге ең керек дене мүшесінің бірі. Біз көз арқылы айналамызды көреміз. Қоршаған ортамен танысамыз. Және көз өте нәзік дене мүшесі болып келеді сондықтан біз көзге күтім жасауымыз керек. Олай болса бәріміз бірге көз жаттығуын жасап жіберейік.

Шарты: Көзімізді оңға, солға, төмен жоғары басымызды қимылдатпай қарау, және айналдыру.

Мақсаты: Көзіміздің дұрыс бұрылуын қалыптастыру.

2-ші тапсырма:

Жұмбақ:

Бір нарсе жегеніне тіпті тоймас,

адамның ол нәрсесіз күні болмас.

Жіберсе қарап қалар жердің бәре,

кішкене болса-дағы кемдік қылмас.

Шешуі: ауыз.

Жарайсындар балалар, дұрыс айтасындар жауабы ауыз екен. Біз ауыз арқылы тамақ ішеміз, сөйлейміз. Аузымыздың ішінде тіліміз бар. Тіл арқылы біз дәм сеземіз, дұрыс сөйлейміз. Сондықтан балалар біз ауызсыз, тілсіз өмір сүре алмайды екенбіз. Ендеше бәріміз тіл жаттығуын жасап жіберейікші.

3-ші тапсырма:

Балалар тағыда жұмбақтың шешуін тапқыларың келе ме?

Жұмбақ:

Бунақты көсеу,  
тармағы бесеу.

Шешуі: қол мен саусақ.

Иә, жұмбақтың шешуі қол мен саусақ. Балалар біз қолымызбен, яғни саусақтарымызбен кез кеген затты ұстай аламыз, жұмыс жасап, жазу жазамыз. Қолда бізге ең керек дене мүшесі. Балалар саусақ сөзін айтқанда бірші қандай дыбысты естіп тұрсындар? Дұрыс балалар олай болса «ысқырық шәйнек» жаттығуын жасайықшы.

Балалар енді саусақ жаттығуын жасаймыз

«Жаңбыр»

Бұлт қабағын түйіп ап,

Бүркеп алды аспанды.

Тырс-тырс-тырс-тырс тырсылдап,

Жаңбыр жауа бастады.

4-ші тапсырма:

Дидактикалық ойын:

«Мен бастайын, сен аяқта» логопед сөз бастайды, бала «С» дыбысын айтып сөзді аяқтайды.

5-ші тапсырма:

Балалар менің сендерге тағы жұмбағым бар сендер дұрыс шешуін табуға тырысыңдар.

Жұмбақ:

Қатар жатқан қос ін,

аң кірмейтін бос ін.

Шешуі: мұрын.

Дұрыс балалар мұрын. Мұрынмен біз тыныс аламыз, иіс сеземіз. Біз тыныс алмасақ өмір сүре аламызба? Ия, балалар біз тыныс алмасақ өмір сүре алмаймыз. Олай болса дұрыс тыныс алуды үйреніп «Жапырақ» жаттығуын орындайық.

Мақсаты: дұрыс тыныс алуға үйрету.

Шарты: мұрынмен кеудені толтынып тыныстап, аузымызбен үрлеп жапырақты ұрыру.

-Балалар біз тіл жаттығуын , тыныс алу жаттығуын, саусақ жаттығуын жасадық, сендер шаршаған боларсыңдар, олай болса боймызды сергітіп алайық.

«Он саусақ»

Жалғыз сауақ тіпті де.

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті.

Ине қолға ілікті.

Жарайсыңдар балалар.

— Балалар олай болса бәріміз бірге ойын ойнайық:

Дидактикалық ойын:

«Қайсысы артық? Неге артық?»

Мақсаты: Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.

Шарты: Үлестірмелі материалдардан дене мүшелерінен артығын табу.

Логопед: ҰОӘ-ны пысықтау сұрақтары:

Бүгін оқу іс- әрекетінде дене мүшелеріне не жататынын білдіңдерме? Бетіміздегі мүшелерімізге қатысты жасаған тапсырмаларымыз, ойындарымыз ұнады ма?

Қандай дыбыспен таныстық?

Жарайсыңдар, бүгінгі оқу іс- әрекетіне өте жақсы қатыстыңдар.  
Сау болыңдар!

-Сәлеметсіздер ме?

-Здравствуйде!

-Good morning!

күзде күн суытып, жапырақ сарғаяды.

Адам

Балалар мұқият тыңдайды.

ия

Көз

Ауыз «сағат», «әткеншек»,  
«тәтті тосап», «ат шауып келеді».

ия

қол-саусақ

с-с-с-с

Саусақ жаттығуын орындайды.

Балалар қызыға орындайды.

Мұрын

Тыныс алу жаттығуын орындайды.

Балалар сергіту сәтін қимыл іс- әрекет арқылы жасайды.

Балалар қызыға ойнап, сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Дене мүшелерін ажырата біледі, «С» дыбысын дұрыс айтады.

Меңгерді: Дене мүшелерін сезім мүшелерінен ажыратады.

Игерді: «С» дыбысын еркін айтуға